

ЖШС «Шалхар-Ата» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік отырыс

Хаттамасы № 1

Күні: 11.09.2021 ж

Қатысқаны: 19 адам

Қатыспағаны: 2 адам

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Бала өмірін қорғау мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқау жүргізу.

2. Ата-аналарға арналған ақпараттық-көрнекілік көрмесі (ашылмалы папкалар т.б)

3. Байқаудың қорытындысы - «Жаңа оқу жылына ең жақсы дайындық» байқауы. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова ұжым қызметкерлерімен нұсқаулық жүргізді. Онда балаларды топта немесе бақша учаскесінде ми караусыз қалдырмау. Бала бақша аумағынан тыс жерге серуенге шығар алдында меңгерушіден рұқсат алу керектігі айтылды. Баланы жарақат алудан сақтау үшін жол ережесін, өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау керектігіне үйрету керек. Техникалық Жұралдарды ұзартқыш арқылы пайдаланбау, бос электр нүктелеріне бекіткіштер қою керектігі айтылды. Жарақаттану мен бакытсыз жағдай алмау үшін қауіпсіздік техникасы жоніндегі нұсқауды катан сақтау, жарақат қаупі бар жерлердегі жағдайлардың алдын алу, жұмысқа жаңадан қабылдағандар мен лауазымын озгерткендер білімін тексеруден өткізеді. Тәрбиешілер серуенді ұйымдастыру кезінде жыл мезгілі ерекшеліктерін үнемі есте сақтау керек.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға арналған. Бұрылыстар,

стендтерді безендіруді педкадрларға катан тапсырды.

Үшінші мәселе бойынша байқаудың қорытындысы бойынша

«Құлыншақ» ересектер тобы көзге түсті. Бес білім саласы бойынша шкаф сөрелері ретімен толықтырылған. Үнемі тәрбие жұмысы жүреді

Меңгеруші: А.Медетова

Шар меңгеруші: Н.Култаев



ЖШС «Шалхар-Ата» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік отырыс

Хаттамасы № 2

Күні: 08.12.2021 ж

Қатысқаны: 21 адам

Қатыспағаны:

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Тәжірибелік сабақ «Өрт қауіпсіздігі ережелері» жөнінде жауаптыларды бекіту.

2. Оперативті тексеру қорытындысы. Балалардың дұрыс тамақтаныуын ұйымдастыруда мақ қалдықтарының болмауы. Дөңгелек үстел.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші А.Медетова өрт қауіпсіздігі ережесі ^заматтардың өмірі мен денсаулығын, жеке, заңды тұлғалардың мүлкін қорғайтынын айтып отті. Сонымен қатар ұйымның барлық жұмысшылары тек өртке қарсы нұсқаулықтан өткеннен кейін ғана жұмысқа жіберетінін, қызметкерлер өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптарын орындалуға міндетті екенін ескертті. Ғимаратта өртке қарсы қызметті шақырытын телефон нөмері іліну керек. Өрт болғанда көшіру жоспары іліну керек. Жылына 1 рет көшіру, жаттығуы өткізілуі тиіс екені ескертіледі. Ұжым қызметкерлерінің өртті сөндіруге, құтқару

жұмыстарына қатысуы міндетті екендігі айтылды. Өрт қауіпсіздігінің алдын алуға және зардаптарын жоюға жауапты

адамдар. Меңгеруші бұйрығымен бекітіледі. Жыл бойына жоспарға сай өтілетін тәжірибелік сабақтар талқыланды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер мен медбике балалардың дұрыс тамақтануы туралы айтып өтті. Тамақты дәмді етіп даярлау арқылы ас қапдыктарын болдырмауды қатаң қадағалау керектігін айтып өтті. Тәрбиешілерге, көмекшілеріне баланы тамақтандырғанда астың пайдасын бала ұғымына сай етіп түсіндіру керектігі айтылды. Балаға жайлап айтып, түсіндіріп тағамның барлық түрін жеу керектігін насихаттау керек.

Қаулы:

Қызметкер қайталама нұсқаулықтан емтихан тапсырсын. Қыркүйек айының соңы белгіле

Меңгеруші

А.Медетова

Шар меңгеруші

Н.Култаев



Өндірістік отырыс

Хаттамасы № 3

Күні: 04.02.2021ж

Қатысқаны: 20адам Қатыспағаны: 1 адам

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1 .Мед қызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының қорытындысы.
2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру.(шұғыл тексеру)
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі З.Ембаева балалардың^

антропометриялық өлшеу кезінде бойы өсіп,салмақ қосқандарын айттып отті.Бақшада күн тәртібі ретімен сақталатынын,үнемі шынықтыру ,сауықтыру шаралары жүріп тұратынын айтып өтті. Әр. 2айда спорттық сайыстар өткізілгенін,балалардың қатысымы

жоғарылағанын айтып отті .Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толықтырылғанын,алма,банан,иогурт сияқты беріліп тұратынын айтты. Дене шынықтыру сабағын үнемі үздіксіз жүретіні де айтылды.

Екінші мәселе бойынша медбике ас блогының санитарлық талапка ішінара сай екендігін айтты ыдыстарды үнемі хлор,ерітіндісіне салып отыру керектігін және,өте-өте тазалық

сақтау керектігіне тоқталды.Әр өнімді оз мукамалы мен пайдалану керектігіне және таңбаланган,орнында сақтау керектігін айтты. Ыдыстарды жуу техникасын өте қатты қадағалады.Газ плитасы мен кафельдерді күнделікті тазалаудың қажеттілігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Мукажанова қаңтар айында қыс мезгіліне сай техника қауіпсіздігі нұсқаулығынан өткендерін айтты.Онда қыс мезгілінде серуенге шығу кезінде тәрбиешінің баларды шатырдағы мұз сүңгілерінен абай болуды аяқ жолдарға мұз ойынын, қар күреп,күм себіліп жатқанын айтты. Қар күреу жұмысына бүкіл ұжым

қатынасаттынында ескертті.Далаға серуен өткізу нұсқаулығын ата-аналар бұрышына іліп қойылғанын айтты.

Қаулы:

1. Жарты жылдық есеп ілық деп есептелсін.
2. Балабақшада санитарл алынсын.

Меңгеруші:

А.Медетова

Шар меңгеруші:

Н.Култаев



Өндірістік отырыс

Хаттамасы № 4

Күні: 05.04.2021 ж

Қатысқаны: 19

Қатыспағаны: 2 адам

Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Жазғы-сауықтыру кезіндегі өткізілетін іс-шараларды бекіту.
2. Жаз кезіндегі азық-түліктердің сапасы мен түрлері.
3. Сурет көрмесі «Жаз-ол мереке» Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А. Мукажанова жазғы-сауықтыру жоспарымен таныстырды. Медбике З.Ембаева жаз бойы балаларды қалай шынықтыру керектігі жайлы өз ойларын ортаға салды. Қауызға тамыз айының аяғына дейін түсуге

болатынын, күн, ауа, су ваналарын күнделікті қабылдау керектігі айтылды. Сауықтыру кезеңі түрлі ойын-сауыққа лс-шараға толы елеңгеруші жазғы-сауықтыру кезеңінің жоспарын бекітті.

Екінші мәселе бойынша медбике З.Ембаева сөз алып жаз мезгіліпде балалар тағамына көкөністер мен жаңа піскен жеміс-жидектерді көп етіп қосуды ұсынды. Ас мәзірінің

рационы құнарлы тағаммен байыту арқылы бала денсаулығын нығайта аламыз деді. Бала денсаулығын нығайта аламыз деді. Бала ағзасына керекті дәрумендердің барлығы жемістердің құрамында болатыны бәрімізге бейім.

қозғалды . Топтағы балалар күнделікті өз шығармашылығынан.Салған суреттерін кіреберіске ілініп қойылады.Осылай бала

қиялындағы жаз бейнесінен көрме ұйымдастырылады.Ашық түсті көп пайдалану арқылы коңіл-күйдің көтеріңкілігін көрсетеміз.

Қаулы:

1.Жазғы- сауықтыру жоспары бекітілсін.

2.Сурет көрмесіне басшылық жасау тәрбиеші Э. Усенбаеваға жүктелсін.

Меңгеруші

А.Медетова



Шар меңгеруші

Н.Култаев